

Қазақстан қорықтары

ЭАҚ-142

Бисенғалиев Аль-
Шахиз

Ару Шора

Дуйсен Жансая

Мәлімет

Кесте

Карта

Мемлекеттік табиғи қорық — табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

Қазақстанда қазіргі уақытта 10 қорық ұйымдастырылған. Қазақстандағы қорықтардың барлық ауданы 1 610 973 га.

*Ақсу-Жабағылы
мемлекеттік табиғи қорығы*



Жалпы мәлімет

Мәлімет

Кесте

Карта

#	Сурет	Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
1		Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы	1926	131 934	Оңтүстік Қазақстан облысы және Жамбыл облысы
2		Алматы мемлекеттік табиғи қорығы	1931	71 700	Алматы облысы
3		Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы	1931	191 381	Қостанай облысы
4		Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы	1939	160 826	Қызылорда облысы
5		Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы	1968	543 171	Ақмола облысы және Қарағанды облысы

Бет:



1

2



Жалпы мәлімет

Мәлімет

Кесте

Карта

6		Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы	1976	102 979	Шығыс Қазақстан облысы
7		Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы	1984	223 342	Маңғыстау облысы
8		Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы	1992	86 122	Шығыс Қазақстан облысы
9		Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы	1998	65 217,9	Алматы облысы және Шығыс Қазақстан облысы
10		Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы	2004	34 300	<u>Оңтүстік Қазақстан облысы</u>

Бет:



1

2



Жалпы мәлімет

Мәлімет

#	Атауы
1	Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы
2	Алматы мемлекеттік табиғи қорығы
3	Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы
4	Барсақелмес мемлекеттік табиғи қорығы
5	Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы
6	Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы
7	Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы
8	Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы
9	Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы
10	Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы

Кесте



Карта

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы


Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Ақсу-Жабағылы қорығы — Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрар Рысқұлов ауданы аумағында орналасқан. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан. Ол 1926 ж. құрылған. Құрамында Қаратаудағы «Қарабастау» (126 гектар) және «Әулие» (100 гектар) телімдері бар. Жерінің ауданы 128118 гектар (2007). Қазір Ақсу–Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген.

Оның негізгі мақсаты: табиғи кешендерді қорғау және зерттеу.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсақелмес

Қорғалжын

Алматы қорығы - Іле Алатауының орталық бөлігіндегі табиғат байлығын қорғау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 1931 жылы құрылған мемлекеттік қорық. Ауданы 73,34 мың га (1997). Алматы қорығының құрамына теңіз деңгейінен 1400-5017 м биіктікте орналасқан Талғар тау жоталары енеді. Қорықта өсімдіктердің 1300-ден аса түрі кездеседі, оның 112 түрі ағаштар мен бұталар.

Оның негізгі мақсаты: табиғатты зерттеу, қорғау және сақтау.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсақелмес

Қорғалжын

Наурызым қорығы – Қостанай облысы Наурызым және Әуликөл аудандарында орналасқан мемлекеттік қорық. 1931 жылы ұйымдастырылған (320 мың га), 1966 жылы ауданы ықшамдалып (87,7 мың га), қайта құрылды. Оған *Терсек* (көлемі 4,7 мың га), *Сыпсың* (көлемі 7 мың га) және *Наурызым* (көлемі 37,2 мың га) орман алқаптары мен Жаркөл, Ақсуат, Сарымойын көлдері енеді. Қорық жан-жануарлар дүниесіне бай: сүтқоректілердің 40-тан астам, құстардың 250-дей, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 3 және балықтардың 10-ға жуық түрлері тіршілік етеді.

Оның негізгі мақсаты: табиғи кешендерді қорғау және зерттеу.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Барсакелмес қорығында өте сирек кездесетін флора мен фауна бар. Өсімдіктердің 256-дан астам түрлері және малдар, аңдар, сүтқоректілер және қос мекенділер өмір сүреді. Теңіздің құрғауына байланысты сирек кездесетін балықтардың түрлері жойылып, жаңа өсімдіктер мен малдар кездесіп жатыр.

Оның негізгі мақсаты: ежелгі жануарлардың түрлерін сақтау және қазіргі табиғатқа бейімделуін зерттеу.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Қорғалжын қорығы – Ақмола облысы Қорғалжын ауданында орналасқан мемлекеттік қорық. 1958 ж. ұйымдастырылған. Оған Теңіз – Қорғалжын көлдер жүйесінің біразы енеді. Қорғалжында 32 мыңдай қасқалдақ, 10 – 12 мыңдай үйрек, аққу, қаз, т.б. құс түрлері ұя салады. Қорықтан ақ құтан, қызыл жемсаулы қарашақаз, тұрпан, қара дегелек, бірқазан сияқты саны жылдан жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады.

Оның негізгі мақсаты: құстар мен жануарлардың кейбір түрлерін сақтау және табиғат өзгерістеріне бейімделуін зерттеу.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы Шығыс Қазақстан

облысында, Оңтүстік

Алтайдың шығысында Марқакөл

казаншұңқырында орналасқан.

Ол солтүстігінде Күршім, оңтүстігінде Азутау жоталарының арасында

орналасқан Алтайға тән тектоникалық ойпатты алып жатыр. Көл 1 449,3 метрлік абсолюттік биіктікте жатыр. Ең биік нүктесі — 3304,5 метр (Ақсу-Бас тауы).

Оның негізгі мақсаты: маңайда сирек кездесетін бағалы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді және көктемде балық уылдырық шашатын өзендер арналарын қорғап, сонымен бірге орман мен айдын көлдерін, тау, өзендердің әсем табиғатын табиғи қалыпта сақтау.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Үстірт қорығы — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы табиғи кешенді қалпында сақтау мақсатымен 1984 жылы құрылған мемлекеттік шаруашылық.

Маңғыстау облысындағы Қарақия ауданы жерінің аумағы 223,3 мың га.

Оның негізгі мақсаты: шөл зонасының табиғат кешенін табиғи түрінде сақтап қалу. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында ландшафтың алуан түрі кездеседі. Қорықта қорғау, ғылым, ақпарат және мониторинг экологиялық ағарту және туризм бөлімі, табиғат мұражайы және есеп бөлімі жұмыс жасайды. Үстірт қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға, кіші, ғылыми қызметкерлері бекітілген тақырыптар бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуде.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы Кенді Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде Шығыс Қазақстан облысының Риддер (Лениногор), Зырян, Глубокое (Орталық кеңсе-үй-жайы Глубокое ауданының Риддер қаласында орналасқан) аудандарының аумағында Поперечное ауылының оңтүстік-шығысында табиғатты пайдаланудан алынып қойылған жерлерде орналасқан. **Қорықтың жануарлар** дүниесін тайгалық жануарлар: бұлан, марал, елік, құдыр, қоңыр аю, құну, сілеусін, бұлғын, сасық күзен, аққалақ, кара күзен, кәмшат, тиін, шұбар тышқан, суыр, түлкі және әртүрлікеміргіштер құрайды.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы

Тентек өзені сағасының табиғатын және Алакөл аралдарындағы сирек кездесетін жануарларды сақтап қалу **мақсатында** ұйымдастырылған. Алматы облысының Алакөл және Шығыс Қазақстан облысының Үржар аудандарында орналасқан. Аумағы 20743 га. Қорықтың аумағы 7 телімге бөлінген. Қорықта өте сирек кездесетін реликті шағаланың ұя салып, балапан өрбітетінін қазақ орнитологы Е.Әуезов 1968 – 69 жылдары жүргізген ғылыми жұмыстары кезінде анықтады. Мұнда балықтардың 15, қосмекенділердің 2, бауырымен жорғалаушылардың 14, құстардың 330 және сүтқоректілердің 21 түрі кездеседі.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Қазақстан қорықтары

Ақсу-Жабағылы

Алматы

Наурызым

Барсакелмес

Қорғалжын

Қаратау қорығы - Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы Қаратау жотасының орталық бөлігінде, Кентау қаласынан 17 км жерде орналасқан мемлекеттік қорық. Онда өсетін сирек кездесетін және эндемик түрлерінің саны жағынан Қазақстанда бірінші орында. Қаратау қорығы 2004 жылы құрылған, аумағы 34,3 мың га. Құстардың 118 түрі бар, Қызыл кітапқа енгізілген жыртқыш құстардан ителгі, бүркіт, жұртшы, бақалтақ қыран, жыланшы мен сақалтай; қосмекенділерден сарыбауыр қарашұбар жылан мекендейді.



Марқакөл

Үстірт

Батыс Алтай

Алакөл

Қаратау

Рахмет!